

Ата-бабалар мәдени мұрасына негізделген жаңа қазақ сәулет өнерінің көркемдік тілі

Аңдатпа. Бүгінде, ХХІ ғасырдың басында сәулеттің бейнесінің немесе көркемдік тілінің мағыналы өрнектелуі - жаһандық әлемде ел мен мемлекет мәдениетінің бәсекеге қабілеттілігінің негізгі көрсеткіші. Жақсы, әсіресе бірегей сәулет, орасан зор интеллектуалды және шығармашылық күш-жігерді талап етеді.

Республикада жүзеге асырылған «Мәдени мұра» іргелі ғылыми бағдарлама нәтижелері Қазақстан архитектурасының дамуында тиісті жалғасын тауып, сәулет өнерінің жаңа жолына бағыт болуы тиіс. Жасанды тіршілік ету ортасын қалыптастыру философиясын және сәулет өнерінің ұлттық эстетикаға сай концепциясын дамыту – жалпыхалықтық ауқымдағы міндет.

Бұл мақалада жарияланып отырған ғылыми зерттеулер нәтижелері мәдениет пен шығармашылыққа инвестиция: жаңа архитектураға үздік ұлттық дәстүрлерді, эстетикалық преференцияларды үйлесімді енгізу арқылы қоғамдық сананы жаңғырту болып табылады. Ұлттық графикалық семантика –сәулеттік тілдің теориялық дамуы ХХІ ғасырдағы қазақ сәулет өнерінің көркем бейнесін жасауға және әлемде өзінің лайықты орнын алуға мүмкіндік береді.

Ғылыми ізденістің нәтижесі – сәулеттік көркем бейненің этномәдени концепциясы этномәдени графикалық дәстүрлер мен техникалық және цифрлық технологиялар жетістіктерін синтездеу арқылы жүзеге асады. Жаңа қазақ сәулет өнерінде бейнетүзу және құрылым компоненттер скифтер өнерінің архаикалық брутальді композициясы мен қазақтың ою-өрнек өнерінің бионикалық пластикасы болады. Заманауи сәулет өнерінің жаңа интерпретациясы сәулетшілерге шығармашылықтың көркемдік міндеттеріне жаңаша көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Қоғамның эстетикалық дүниетанымы мен көркемдік талғамының деңгейін көтереді. Өмір сүру ортасының сапасын байыту, сәулет өнерінің өзіндік ерекшелігі мен танылуына ықпал ету, қалаларымыздың эстетикалық келбетінің ұлттық мәдениетке сай болуына ықпал етеді.

Кілт сөздер: Қазақ сәулеті өнері, көркемдік тілі, семантика, мұра, стиль, әлеуметтік кеңістік моделі, этномәдени дәстүрлер, эстетика, синтез, өнер

DOI: doi.org/10.32523/2616-7263-2022-140-3-79-88

Кіріспе

Жобаның негізгі идеясы – ғылым, техника және технологиялар жетістіктерімен ұлттық мәдениет синтезінің сәулеттік тұжырымдамасын әзірлеу. Түпнұсқа сәулет туындыларының көркемдік-композициялық шешімдерінің принциптерін әзірлеу үшін қазіргі заманғы әлемдік көркемдік ағымдарды білу ғана емес, сонымен бірге ұлттық мәдениеттің генезисін білу, халықтың мәдени мұрасын түсіну және игеру қажет [1,2].

Ұлттық мәдениеттің квинтэссенциясы ретінде кез-келген ел архитектурасының көркемдік семантикасы халықтың эстетикалық ой-санасының даму деңгейін білдіреді. Ғылыми тұрғыдан алғанда, қазақстандық даму моделін жетілдіру үшін Сәулет үлкен рөл атқарады. Бұл тұрғыда Қазақстанның болашақ сәулетінің көркемдік бейнесі мен ішкі болмысы қазақ мәдениетінің ерекшелігін әлемге танытатындай дәрежеде болуы мақсат және ұлттық сананың мағынасына сай

жасақталған болуы абзал [2, 3].

Зерттеу жұмыстарының мақсаты – Ата-бабалардың мәдени мұрасының этногенезін ғылыми талдау, түсіну және терең игеру негізінде қазақ сәулет эстетикасының жаңа тұжырымдамасын әзірлеу. Болашақ архитектураны құрудың теориялық принциптерін синтездеу және бірегей сәндік бейнесі бар ұлттық эстетикалық талғамдарға сай сәулеттік шығармалар туындау.

Зерттеу міндеттері Мақсатқа қол жеткізу үшін Қазақстан мәдениеттерінің этногенезі мен сабақтастығын, көркем-графикалық мәдениетінің эстетикасын жүйелі зерделеу және осының негізінде мынадай міндеттерді шешу қажет:

- археологиялық материалдар мен әдеби дереккөздер бойынша «скиф аң стилі» дәуірінің көркем-графикалық тілін зерттеу және талдау;

- ежелгі түркі материалдық мәдениетінің ескерткіштерін, қазақтардың қалыптасу кезеңіндегі мәдени-эстетикалық үрдістердің динамикасын зерттеу;

- кеңістіктік формаларды модельдеу контексінде қазақтардың ою-өрнек өнерінің семантикасы мен пластикасын талдау;

- этномәдени дәстүрлер қазақтардың ою-өрнек өнері мен цифрлық дәуірдің заманауи жетістіктерінің синтезі негізінде жаңа тұрпаттағы ғимараттар мен кешендердің 3D эксперименттік моделдерін дайындау;

- Еуразиялық ғылыми кеңістіктің айналымына ХХІ ғасырдағы қазақ сәулетінің ашылулары мен жетістіктерін енгізу.

Жаһандану дәуірінде барлық халықтар өз мәдениетінің негіздерін зерттейді, өздерінің мәдени дәстүрлерімен үйлесімді өмір сүрудің жаңа түрін қалыптастыруға тырысады және оларды түрлі сәулет түрінде түбегейлі жүзеге асырады. Біздің бабаларымыз әлі күнге дейін өзінің асқан көркемдігімен тамсандыратын аса жоғары деңгейдегі көркем дүниелер жасаған. Оған нақты куә, Есік қорғанынан табылған «Алтын адам». Жауынгердің алтынмен апталған киімдері ежелгі шеберлердің дүниетанымдары мен эстетикалық талғамдары және алтын өңдеу техникасын жақсы меңгергендігін көрсетіп отыр. Сонымен бірге бұл жаңалық Дала өркениетінің зор қуаты мен эстетикасын әйгілейтін бай мифологияны паш етті [4, 5, 6]. Біздің мәдени мұра сол сақ дәуірінен бастау алатынын дәлелдеп, осы баға жетпес эстетикалық құндылықтарды сәулет өнерінің көркемдік тілі негізінде пайдалануға жол көрсетіп отыр.

Атап айтсақ, әсем сәулет, әсіресе бірегей ұлттық сәулет, үлкен зияткерлік пен зор шығармашылық талап пен күш-жігерді және үлкен қаржылық шығындарды талап ететіні белгілі. Сондықтан, дамыған елдерде оның мәдениетінің даму деңгейін көрсететін бірегей архитектураға арналған зор қаржылық шығындар елге үлкен әлеуметтік әсер мен ұлт мәдениетіне баға жетпес дивидендтер береді және үлкен қаржылар бет-әлпетсіз ғимараттар құруға ысырап болмайды.

Жасанды тіршілік ету ортасын қалыптастырудың ғылыми негізделген философиясын және жаңа архитектураның көркемдік-композициялық жүйесінің эстетикалық тұжырымдамасын жасау – ұлттық ауқымдағы міндет.

Зерттеу саласы


Ата-бабаларымыздың көркем мәдениетінің этногенезі - қазақ халқының тарихи - мәдени мұрасының сәулет өнеріндегі орыны;

Зерттеу нысаны сәулет өнерінің этномәдени теориялық шешімдердің туындау; сәулет өнеріндегі көркем бейне түзудегі мәдени мұра мен дәстүрлер;

Зерттелу дәрежесі. Жаһандану дәуірінде көптеген халықтар сәулет өнеріндегі мәдениеттің генезисі мәселелерін зерттеп, оларды іс жүзінде жүзеге асыруға тырысады. Халықаралық аспектіде фин (А.Альто) және жапон (К.Танге, К.Курокава, К.Седзима, Р.Риседзава ж.б.) сәулетшілері сәулет өнерінің ұлттық семантикасын дамыту мәселесінде белсенді жұмыс

істейді [5,6]. Мұндай жұмыс әлемнің көптеген елдерінде жүргізілуде (Ч. Дженкс, С.О. Хан-Магомедов, А.В. Иконников, Д. Д. Омуралиев, О. В. Воличенко, Ю. С. Лебедев және т. б.) [7,8,9,10] Әр ел өзінің мәдени мән мәтініне сүйенеді және сәулеттің көркемдік бейнесінде өзінің ұлттық стилін көрсетеді [2, 6, 9, 10].

Қазақстандық сәулетшілер негізінен сәулет тарихының саласы және ғимараттар сәулеттік типологиясының әртүрлі аспектілерімен шектеліп жүр. Бұл Алматыдағы опера театрының ғимараты (арх. Т.Қ.Басенов және т. б.), онда



Сурет 1. Бионикалық сәулет. Мектеп, студенттік жоба, 1984ж.

сәндік ою безендіру тетігі ретінде кеңінен қолданылды. Өткен ғасырдың 70-ші жылдары ұлттық архитектураны қалыптастыру әрекеттері болды: Алматыдағы телестудия (арх Коржемпо А.и.) және М.Әуезов атындағы қазақ драма театры (арх. О.Ж.Баймырзаев, А.С.Қайнарбаев). Қазақ халқының бай мәдени-эстетикалық мұраларына бағдарланған заманауи сәулет өнері мен бейнелі стилистика мәселелері бойынша жеке диссертациялар (А.Р. Сәбитов, Е.М. Байтенов, К. К. Арынов, Н. Ж. Қозбағарова) мен мақалалар бар [11, 12]. Бұл кезеңдерде ұлттық сәулет тақырыбына жеке шығармашылық ізденістер мен студенттік креативті жобалар болды (сурет 1). Бұл зерттеулер Қазақстанның қазіргі және әсіресе болашақ сәулетінің проблемаларын терең қамтымады.


Бірегей сәулет туындыларының көркемдік-композициялық шешімдерінің принциптерін әзірлеу үшін қазіргі заманғы әлемдік көркемдік ағымдарды талдау ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманғы ғылым, техника мен технологиялар жетістіктерімен ұлттық мәдениет генезисінің терең синтезі қажет болады.

Негізгі бөлім

Бүгінде Қазақстан жаңғырудың маңызды кезеңіне қадам басты, оның негізгі құрамдас бөлігі қоғамдық сананы жаңғырту, өз мәдениетін, өзінің ұлттық кодын сақтау болып табылады. Республикада жүзеге асырылып отырған «Рухани жаңғыру» іргелі бағдарлама компоненттері, цифрлы өркениет заманында біздің бабаларымыздың көпғасырлық мұрасын актуалды және қажеттілігін айқындап отыр. [1,2,4] Осы мағынада, жасанды тіршілік ету ортасы - архитектураны қалыптастырудың ғылыми философиясын және Қазақстанның жаңа сәулеттік эстетикасын қалыптастыру - ұлттық ауқымдағы міндет [3,4,7,10,11,12].

Сәулетші мамандарға тарихи көркем-графикалық дәстүрлерді, жобалаудың ғылыми-техникалық тілі мен заманауи компьютерлік технологиялар жетістіктерімен үйлестіру үшін бірегей зияткерлік әлеует пен креативті ойлау деңгейі қажет. Осы тұрғыда, Архитектура кафедрасының ғалым-сәулетшілер ұжымы (жетекші проф. Дүйсебай Е.К.) эстетикалық мұраны заманауи архитектуралық шешімдермен синтездеу нәтижесінде сәулеттің жаңа семантикасын ұсынып, ұлттық мәдениетке сай шешу мүмкіндіктерін зерделеуде (сурет 2).


Теориялық тұрғыдан Еуразия халықтарының сақ дәуірінен бүгінгі күнге дейінгі мәдениеттер сабақтастығы қазақ мәдениетінің айрықша моделін қалыптастырды [4,11,14]. Біздің өңір өзіне тән скиф – сақ мәдениеті этногенезінің, ерекше белгілері бар ортағасырлық түркі халықтарының пайда болуы мен эволюциясы орын алған Еуразияның ауқымды аймақтарының бірі болып табылады. Сақтар мұрасының ең жарқын құрамы, көркемдік ерекшелігінің айқын көрнісі және рухани байлығының мағанасы «аң стилі өнері» болып табылады. Жалпы, «аң стилі» феномені - әлемдік өнердің ең жоғарғы шыңы саналады[4, 8,13].



Сурет 2. Алтын бұйымдар пішінін сәулеттік бейнеге трансформациялау жолдары. Сәулет-шығармашылық ізденіс

Осы тұрғыда, сәулет және қала құрылысы ғылымы үшін жасанды тіршілік ету ортасы - сәулеттің қалыптасу ерекшеліктерін талдаудың философиялық және көркемдік принциптерін анықтау маңызды. Бірегей және этномәдени негіздегі ел архитектурасы бүгінгі күннің маңызды әлеуметтік сұранысы, жаһандық мәдениете заманауи қазақстанцы ең лайықты көрсеткіші.

Нағыз сәулет ұзақ тарихи кезеңге, кейде мыңжылдықтарға арналған халықтың мәдени кодын орындайды, сондықтан оның көркемдік тілі (семантикасы) халық мәдениетінің тасымалдаушысы және тарихи мұрагері. Осы ретте атап өтетілуге тиісті дерек, ол қазақ өрнегінің (қошқар мүйіз ою бейнесі) сақтар заманынан бастау алатындығы археологиялық деректермен айқындалған (сурет 4). Бұл қағида негізінде нақты материалдық-кеңістіктік және көркемдік-эстетикалық процестерді қайта құра отырып, археологиялық дереккөздер тарту нәтижесінде жаңа сәулеттік эстетика тұжырымдамасын туындау өзекті іс болып табылады.



Сурет 3. Ою-сәулеттік бейне. Эскиз


Бірегей және этномәдени негіздегі ел архитектурасы біздің мәдениетке қатынасты әр дәуір эстетикасындағы пішін қалыптасу принциптерін ашу, сәулеттік жобалауға композициялық негіз болатын көркемдік басымдықтарды таңдаудан басталады. Біздің зерттеулер мен шығармашылық ізденістер:

1) "скиф аң стилі" дәуіріндегі алтын бұйымдардың көркем-графикалық тілін этномәдени архитектуралық бейне ретінде композициялық трансформациялау принциптеріне негізделеді;

Жаңа архитектураның басты пішін қалыптастырушы және құрылымдық-кеңістіктік құраушы компоненті скифтер өнерінің архаикалық брутальді композициясы (сурет 2). «Скиф аң стилі» графикалық тілінің негізінде архитектура-композициялық қағидалар түзу мен эскиздік модельдер мен алғы жобалар композициясына арналған мақала басқа басылымда толық берілген.

2) Ата-бабалар мұрасы - ою-өрнек өнерінің стилистикалық ерекшеліктерін шығармашылық игеру қазақ сәулетінің көркемдік бейнесін модельдеуде этномәдени композициялық мотив және принципті пластикалық тіл ретінде қарастырылады;

Дәстүрлі қазақ ою-өрнегі екі координатты жазық бетте жайғасып сызылған бейне-композиция негізіне құрылған графика. Тарихи сәулеттік ескерткіштер болсын, заманауи құрылыс тәжірибесі болсын бедерлі ою тек жазық беттерде орналасқан безендіруші тетік - сәндеуіш ретінде ғана пайдаланылып келді. Осы зерттеулердің негізгі ғылыми жаңалығы мен шығармашылық жетістігі – қазақ ою өнерінің сәндік-жазық графикасын сәулеттік нысанының көлемді-құрылымдық композициясына айналдыру принциптерін қалыптастыру.



Сурет 4. Қазақ өрнегінің пластикасы сәулеттік кеңістік бейне құрудың негізі. Эскиз

Қазіргі заманда әлемдік деңгейде дамып отырған сәулеттік боника стилі табиғаттық пішіндерге ұқсайтын композицияларға құрылған. Осы саланы терең зерттей қарасак, қазақтың ою-өрнек өнерінің **бионикалық** семантикасы мен сызықты емес - кеңістіктік пластикасы табиғаттық формалар негізінен туындағаны белгілі болады (сурет 4).

Біздің жаңа ғылыми ізденістеріміз бен экспериментальді жобалық ұсыныстарымыз қазақ ою-өрнегінің жазық бетте құрылған графикасын жаңа техникалық және цифрлық технология жетістіктерімен сәулеттік нысанының үш өлшемді көлем-құрылымдық композициясына айналдыру принциптерін жүзеге асыру мақсатын көздейді.

Ғылыми зерттеудің нәтижесі қазақстандық брендті білдіретін жаңа үлгідегі тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардың эксперименттік сәулет жобалары түріндегі өнім болады.

Түйін

Нағыз сәулет ұзақ тарихи кезеңге, кейде мыңжылдықтарға арналған халықтың мәдени кодын орындайды, сондықтан оның көркемдік тілі (семантикасы) халық мәдениетінің тасымалдаушысы және тарихи мұрагері.

Дамыған елдерде архитектураға арналған зор қаржылық шығындар оның мәдениетінің даму деңгейін көрсете отырып, елге үлкен әлеуметтік тиімділік пен ұлт мәдениетіне баға жетпес дивидендтер береді, бет-әлпетсіз ғимараттар құруға ысырап болмайды.

Қазақстан үшін дәуірлік жаңа мәдениетті қалыптастыру процесінде, халықтың ежелгі және қазіргі заманғы мәдениетінің сабақтастығын көрсетуде, өзіндік ұлттық мағынасы бар көркем-бейнелі сәулеттік шығармалар шешуші рөл атқарады.

Қазақ сәулет өнерінің шығармашылық қағидаларының теориялық негізін әзірлеу және ұлттық-көркем семантиканы – графикалық тілді қалыптастыру концепциясын тәжірибелік меңгеру дәстүр мен заманауи жетістіктер синтезіне негізделеді. Көтерілген мәселелер біздің дүниетанымымызды, халқымыздың өткені мен бүгінінің және болашағын жан-жақты ой елегінен өткізіп, терең зерделеуді талап етеді.

Жаңа архитектураның қағидаттары біздің сәулетшілерге эстетикалық міндеттеріне жаңаша қарауға, қазақ сәулеттінің өзіндік көркемдік ерекшелігі мен танымал болуына, қалаларымыздың

эстетикалық бейнесінің ұлттық мәдениетке сай болуын қамтамасыз етеді.

Біздің ғылыми зерттеулердің тұжырымдамалары нәтижесінде әзірленген және заманауи цифрлық технологияға негізделген сәулет – бұл мәдениет пен шығармашылыққа салынатын инвестиция: этномәдени мекендеу ортасының жаңа тұрпатын қалыптастыру арқылы қоғамдық сананы жаңғырту және үздік ұлттық дәстүрлерді, эстетикалық артықшылықтарды жаңа архитектураға үйлесімді енгізу.

Бұл жұмыстың нәтижесі бойынша Еуразиялық ғылыми және мәдени кеңістік айналымына жаңа замандағы қазақ сәулетінің ғылыми жаңалықтары мен көркемдік жетістіктері енгізілетін болады. Қазақ сәулетінің ХХІ ғасырдағы көркемдік бейнесін жасауға және әлем халықтары мәдениеті ішінде лайықты орын алуға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Елдің сәулет өнерінің болашақ даму векторы халықтың мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан тарихи мәдениетінің этногенезіне негізделуі керек;

ата-бабаларымыздың осы заманға дейін сақтап келген қазақ ою-өрнек өнерінің графикалық тілі "скиф аң стилі" дәуірінен бастау алады деген теориялық гипотезалар артефактілер негізінде дәлелденді;

эстетикалық сана сабақтастығы және көркем-мәдени дәстүр жалғасы ретінде "скиф аң стилі" дәуірінің көркем-графикалық семантикасы қазақ сәулет өнерінің жаңа тілін қалыптастыру принциптеріне негіз болуы тиіс;

дәстүрлі қазақ оюының сәндік-жазық графикасын архитектураның көлем-құрылымдық композициясы ретінде игеру тәсілі біздің сәулет өнеріне этномәдени көркемдік тіл береді.

Қазақстанның болашақ сәулетінің архаикалық брутальді композициясы немесе кеңістікті ою-өрнек пластикасы жаңа эстетикалық семантика қалыптастырып ұлттық архитектура туындайды;

Ұлы дала ескерткіштерінің көркем-графикалық мұрасын сәулет өнерінде игеру қазақ сәулет өнерінің көркем бейнесін жасауға және әлемдік мәдени ортада өзінің лайықты орнын алуға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер

1. Дүйсебай Е. К. Пластика казахского орнамента в пространственно-образном моделировании архитектуры будущего Наука и время: Научно-практическая конференция ТАСИ. - Ташкент: ТАСИ, 2006.
2. Дүйсебай Е. К. Современные тенденции в архитектурно художественном моделировании. Вестник науки. АТУ им. С. Сейфуллина, Астана, № 4 (75), 2013г. с.72-77.
3. Дүйсебай Е.К., Идеино-эстетическая основа новой архитектуры Казахстана. «Евразийское Научное Объединение» Современные концепции научных исследований. XLVIII Международная науч. конф. Москва 02.2019, № 2 (48), ISSN: 2411-1899, – С. 70-71.
4. Назарбаев Н.А. "Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания"
5. Танге К. От архитектуры к урбанизму. //Современная архитектура, 1968, № 5, с.20.
6. Курокава К. Японская архитектура на пороге ХХІ – века. //Зодчество мира, 1998, № 3, с.24 – 61.
7. Ч. Дженкс Язык архитектуры постмодерна – М. Стройиздат, 1985, - 326 б.
8. Лебедев Ю.С. Архитектурная бионика. – М.: Стройиздат 1990 г. С.
9. Иконников А.В. Функция, форма, образ в архитектуре. – М: Стройиздат, 1986. – 215 с.
10. Омуралиев Д.Д., Воличенко О.В. Мейнстримы новейшей архитектуры – двадцать первый век. Saarbrucken.Palmarium Academic Publishing, 2013, - 449с.

11. Байтенов Е.М. Мемориальное зодчество Казахстана: эволюция и проблемы формообразования. / Автореф. диссер. на соиск. уч. степ. д-р арх. – М.: НИИ Теорий и историй архитектуры, 2004. - 45с.
12. Сабитов А.Р. Пространственные модели в архитектуре Казахстана. / Автореф. диссер. на соиск. уч. степ. д-р арх. Алматы.: КазГАСА, 2007., 46с.
13. Дуйсебай Е.К., Кенже Ж. Әсем мүсінді таңғажайп аң стили. –М.: изд. Интернаука, 2021, «Студенческий вестник» №18 (163).
14. Гумилев Л.Н. Этнос, история и культура. – М.: ТОО «МИШЕЛЬ и К», 1994, - 492 с.

Е.К. Дуйсебай, Е.Е. Дуйсебай

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Новый художественный язык казахской архитектуры, основанный на культурном наследии предков

Аннотация. Сегодня, в начале XXI века, содержательное выражение образа архитектуры или художественного языка является ключевым показателем конкурентоспособности культуры страны и государства в глобальном мире. Хорошая, особенно уникальная архитектура требует огромных интеллектуальных и творческих усилий.

Результаты реализуемой в стране фундаментальной научной программы «Культурное наследие» должны быть учтены в разработке концепции этнокультурной эстетики нашей архитектуры.

Опубликованные в данной статье результаты исследований представляют собой инвестиции в культуру и творчество: возрождение общественного сознания через гармоничное внедрение в новую архитектуру лучших национальных традиций, эстетических предпочтений.

Результат научного исследования - этнокультурная концепция архитектурного образа, которая реализуется через синтез этнокультурных изобразительных традиций с техническими достижениями и цифровой технологией. Формообразующими и структурными составляющими новой казахской архитектуры станут архаичная брутальная композиция скифского искусства и бионическая пластика казахского орнаментального искусства.

Новая интерпретация современной архитектуры позволяет архитекторам по-новому взглянуть на художественные задачи творчества. Самобытность и узнаваемость архитектуры повышают уровень эстетического мировоззрения и художественного вкуса общества, придают адресность эстетическому облику наших городов.

Ключевые слова: казахская архитектура, художественный язык, семантика, наследие, стиль, модель социального пространства, этнокультурные традиции, эстетика, синтез, искусство.

Е.К. Duysebay, E.E. Duysebay

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

The new artistic language of Kazakh architecture based on the cultural heritage of the ancestors

Abstract. Today, at the beginning of the 21st century, the meaningful expression of the image of architecture or artistic language is a key indicator of the competitiveness of the country's culture and the competitiveness of the state itself in the global world. A unique architecture requires great intellectual and creative efforts.

The results of the fundamental scientific program "Cultural Heritage" should be taken into account in the development process of the ethnocultural aesthetics concept of our architecture.

The research results published in this article represent an investment in culture and creativity such as the revival of public consciousness through the harmonious introduction of the best national traditions and aesthetic preferences into the new architecture.

The result of scientific research is the ethnocultural concept of the architectural image, realized through the synthesis of ethnocultural pictorial traditions with technical achievements and digital technology. The archaic brutal composition of the Scythian art and the bionic plasticity of the Kazakh ornamental art will become the formative and structural components of the new Kazakh architecture.

A new interpretation of modern architecture allows architects to take a fresh look at the artistic tasks of creativity. The originality and recognizability of architecture raise the level of the aesthetic outlook and artistic taste of society and makes the aesthetic appearance of our cities more targeted.

Keywords: Kazakh architecture, artistic language, semantics, heritage, style, model of social space, ethno-cultural traditions, aesthetics, synthesis, art

References

1. Dujsebaj E. K. Plastika kazahskogo ornamenta v prostranstvenno-obraznom modelirovanij arhitektury budushchego Nauka i vremya: Nauchno-prakticheskaya konferenciya TASI. - Tashkent: TASI, 2006.
2. Dujsebaj E. K. Sovremennye tendencii v arhitekturno hudozhestvennom modelirovanii. Vestnik nauki. ATU im. S. Seifullina, Astana, № 4 (75), 2013g. s.72-77.
3. Dujsebaj E.K., Idejno-esteticheskaya osnova novoj arhitektury Kazahstana. «Evrazijskoe Nauchnoe Ob"edinenie» Sovremennye koncepcii nauchnyh issledovanij. XLVIII Mezhdunarodnaya nauch. konf. Moskva 02.2019, № 2 (48), ISSN: 2411-1899, – S. 70-71.
4. Nazarbaev N.A. "Vzglyad v budushchee: modernizaciya obshchestvennogo soznaniya"
5. Tange K. Ot arhitektury k urbanizmu. //Sovremennaya arhitektura, 1968, № 5, s.20.
6. Kurokava K. YAponskaya arhitektura na poroge XXI – veka. //Zodchestvo mira, 1998, № 3, s.24 – 61.
7. CH. Dzhensk YAzyk arhitektury postmoderna – M. Strojizdat, 1985, -326 b.
8. Lebedev YU.S. Arhitekturnaya bionika. – M.: Strojizdat 1990g. S.
9. Ikonnikov A.V. Funkciya, forma, obraz v arhitekture. – M: Strojizdat, 1986. -215 s.
10. Omuraliev D.D., Volichenko O.V. Mejnstrimy novejshej arhitektury – dvadcat' pervyj vek. Saarbrucken.Palmarium Academic Publishing, 2013, - 449s.
11. Bajtenov E.M. Memorial'noe zodchestvo Kazahstana: evolyuciya i problemy formoobrazovaniya. / Avtoref. disser. na soisk. uch. step. d-r arh. – M.: NII Teorij i istorij arhitektury, 2004., 45s.
12. Sabitov A.R. Prostranstvennye modeli v arhitekture Kazahstana. / Avtoref. disser. na soisk. uch. step. d-r arh. Almaty.: KazGASA, 2007., 46s.
13. Dujsebaj E.K., Kenzhe ZH. Əsem mysindi tańǵazhajp ań stily. –M.: izd. Internauka, 2021, «Studencheskij vestnik» №18 (163),
14. Gumilev L.N. Etnos, istoriya i kul'tura. – M.: TOO «MISHEL' i K», 1994, - 492 s.

Авторлар туралы мәлімет:

Дүйсебай Е.К. - Сәулет ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті Архитектура кафедрасының профессоры, Сәтпаев көш. 2, Астана, Қазақстан. КСРО және Қазақстан Республикасы Сәулетшілер одағының мүшесі, Қазақстанның құрметті сәулетшісі.

Дүйсебай Е.Е. - Сәулет өнері магистрі (Майами университетінің түлегі, АҚШ), Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті Архитектура кафедрасының аға оқытушысы, Сәтпаев көш. 2, Астана, Қазақстан.

Duysabay E.K. - Doctor of Architecture, Professor of Architecture Department, L.N. Gumilyov Eurasian *National University*, 2 Satpayev str., Member of the Union of Architects of the USSR and the Republic of Kazakhstan. The honorable architecture of RK, Astana, Kazakhstan.

Duysabay E.E. – Master of Architecture (at University of Miami), Senior Lecturer, L.N. Gumilyov Eurasian *National University*, 2 Satpayev str., Astana, Kazakhstan.